

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар

---

Государственные нормативные документы в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства

---

## **МЕТАЛЛ ЕМЕС ҚУБЫРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

---

### **ИНСТРУКЦИИ ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ ТРУБОПРОВОДОВ ИЗ НЕМЕТАЛЛИЧЕСКИХ ТРУБ**

Ресми басылым  
Издание официальное

---

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

Агентство Республики Казахстан по делам строительства  
жилищно-коммунального хозяйства

Астана 2012

## Алғы сөз

<b>ӘЗІРЛЕГЕН:</b>	«Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы
<b>ҰСЫНҒАН:</b>	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті
<b>ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:</b>	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 10.01.2012 ж. № 4 бұйрығымен 01.05.2012ж. бастап енгізілді.
<b>ОРНЫНА:</b>	Алғашқы рет

## Предисловие

<b>РАЗРАБОТАН:</b>	Акционерным обществом «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства»
<b>ПРЕДСТАВЛЕН:</b>	Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
<b>ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:</b>	Приказом Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 10.01.2012 г. № 4 с 01.05.2012 г.
<b>ВЗАМЕН:</b>	Впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы Уәкілетті органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа РК в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства.

## Мазмұны

1	Қолданылу саласы .....	1
2	Нормативті сілтемелер .....	2
3	Жалпы ережелер .....	5
4	Сортамент, қолданылу саласы және металл емес құбырларды жіктеу.....	7
5	Инженерлік жүйелердегі металл емес құбырларды пайдалану .....	12
5.1	Полимерлі (пластмасс) құбырлардан құбырларға техникалық қызмет көрсету, пайдалану .....	12
5.2	Полиэтилен құбырларынан жасалған газөткізгіштеріне техникалық қызмет көрсету, пайдалану .....	16
5.3	Асбестоцементті құбырлардан жасалған құбырларға техникалық қызмет көрсету және пайдалану .....	20
6	Қосалқы құрылғыларды пайдалану .....	21
7	Металл емес құбырлардан жасалған құбырлары мен құрылғылар күйіне бақылау жүргізу .....	24
8	Металл емес құбырларды жөндеу және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы .....	25
9	Нұсқаулықтың сақталуын бақылау.....	27
	А қосымша (міндетті).....	28
	Б қосымша (міндетті).....	31
	В қосымша (міндетті).....	34
	Библиография.....	39

---

# МЕТАЛЛ ЕМЕС ҚҰБЫРЛАРЫНАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТАР

---

*Енгізілу күні - 2012.05.01*

## 1 Қолданылу саласы

1.1 «Металл құбырлардан жасалған құбырларды пайдалану бойынша нұсқаулық» атты осы нормативті-техникалық құжат (әрі қарай - Нұсқаулық) металл құбырлардан жасалған құбырларды пайдалану, ревизия жасау және жөндеуге қойылатын негізгі талаптарды, сондай-ақ оларды тексеру бойынша жұмыстардың тәртібі мен құрамын, оларды қарау мен жөндеу бойынша қауіпсіздік техникасының негізгі талаптарын белгілейді.

1.2 Осы нұсқаулықтың талаптары коммуналды кәсіпорынның техникалық персоналы, басқарушы компаниялар, жайлардың және металл құбырлардан жасалған құбырлар мен оларды жабдықтауды қадағалауды орындайтын кондоминиумның басқару объектілерінің басқа да түрлерінің меншік иелерінің кооперативтеріне және металл емес құбырлардан жасалған құбырларда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары мен зерттеуді орындайтын кәсіпорын персоналына арналады.

1.3 Нұсқаулық тұрғын үй- шаруашылықтың инженерлік желілерінде қолданылатын металл емес құбырлардан жасалатын құбырларды пайдалану аясында, атап айтқанда жылумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау, су бұру және газбен қамтамасыз ету жүйелеріне қолданылады.

1.4 Нұсқаулықтың мазмұны бойынша келесі ақпарат келтіріледі:

- металл емес құбырлардан жасалған құбырларды жіктеу;
- пайдалану сенімділігін қамтамасыз ету бойынша шаралар;
- анықталған ақаулықтар мен бұзушылықтарды жою әдістері;
- металл емес құбырлардан жасалған құбырларды жөндеу және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

1.5 Нұсқаулық металл емес құбырларды қадағалауды орындайтын пайдалану персоналы үшін де және металл құбырлардың жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары мен тексеруді жүзеге асыратын кәсіпорын персоналы үшін міндетті болып табылады.

Осы Нұсқаулық негізінде металл емес құбырларды пайдаланатын ұйымдарда осы Нұсқаулықпен орнатылған талаптарды азайтпай, нақты талаптары мен техникалық ерекшеліктерін ескере отырып, инженерлік желілерді пайдалану бойынша жергілікті нұсқаулықтар жасалуы керек.

1.6 Металл емес құбырларды пайдалану бойынша шараларды жүзеге асыру кезіндегі қауіпсіздік техникасының негізгі талаптары, өндірістік санитария және кәсіпорындағы еңбекті қорғау қауіпсіздік техникасы

бойынша Қазақстан Республикасында қолданылатын салалық ережелерді басшылыққа алады.

1.7 Металл емес құбырлардан жасалған технологиялық құбырларды пайдалану бойынша нұсқаулық қолданыстағы құрылыс нормалары және ережелеріне және қолданыстағы басқа да нормативті-техникалық құжаттарға сәйкес кәсіпорында бар металл емес құбырларды пайдалану тәжірибесінің және оларды тексеру нәтижелерінің болуын ескере отырып, 2011 жылғы 01 шілдеге қарағандағы басқа да реттеуші құжаттарға сәйкес әзірленген.

## 2 Нормативті сілтемелер

Осы Нұсқаулықты қолдану үшін келесі сілтеме нормативті құжаттары қажет:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы №49 «Бу және ыстық судың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» Техникалық регламентін бекіту туралы Қаулысы ;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 36 «Жанар-жағар май, улы, сұйылтылған газдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы Қаулысы;

- Бу және ыстық судың құбырларын қауіпсіз пайдалану мен құрылысына деген өнеркәсіптік қауіпсіздіктің талаптары (Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлары жөніндегі Министрінің 2009 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген);

- СанЕжН 2.1.4.559-96 «Ас суы. Ас суымен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесі суының сапасына қойылатын гигиеналық талаптар. Сапаны бақылау» санитарлы ережелер мен нормалар талаптарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік ұсыныстар;

- Су қыздыру және бу қазандарын қауіпсіз пайдалану мен құрылысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрдің 2009 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген);

- Технологиялық құбырларды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрдің 2009 жылғы 27 шілдедегі №176 бұйрығымен бекітілген);

- ҚР СНЖЕ ҚР 4.01-02-2009 «Сумен жабдықтау. Сыртқы желілер мен құрылыстар»;

- ҚР СНЖЕ 4.01-41-2006 «Ішкі су құбыры және ғимараттардың кәрізі»;

- ҚР СНЖЕ 3.05.03-85 «Жылу желілері»;

- ҚР СНЖЕ 3.05.04-85\* «Сыртқы желілер және кәріз бен сумен жабдықтау құрылыстары»;

- СНЖЕ 3.05.05-84 «Технологиялық жабдық және технологиялық құбырлар»;

- МЕМСТ Р 50838-95 «Газ құбырларына арналған полиэтилен құбырлары. Техникалық талаптар»;
- МЕМСТ Р 52134-2003 «Термопласттардан жасалған тегеурінді құбырлар және жылыту және сумен жабдықтау жүйелеріне арналған қосу бөлшектері.»;
- МЕМСТ 18599-2001 «Полиэтиленнен тегеурінді құбырлар. Техникалық талаптар»;
- МЕМСТ ИСО 4065-2005 «Термопласттардан құбырлар. Қабырғалардың универсалды қалыңдықтарының кестесі»;
- МЕМСТ ИСО 161-1-2004 «Газ тәріздес және сұйық орталарды тасымалдауға арналған термопласттардан жасалған құбырлар. Номиналды сыртқы диаметрлер және номиналды қысым. Метрлік серия»;
- МЕМСТ 12586.1-83 «Темір бетонды тегеурінді дірілгидропрестелген құбырлар. Құрылымы мен өлшемдері»;
- МЕМСТ 20054-82 «Тегеурінсіз бетон құбырлар. Техникалық талаптар»;
- МЕМСТ 26067.1-83 «Гидротехникалық құрылыстарға арналған тік бұрышты қиылысудың темірбетонды тегеурінсіз құбырлар бөліктері. Құрылымдары мен өлшемдері»;
- МЕМСТ 26067.0-83 «Гидротехникалық құрылыстарға арналған тікбұрышты қиылысудың темірбетонды тегеурінсіз құбырлардың бөліктері. Техникалық талаптар»;
- МЕМСТ 30732-2006 «Қорғаныс қабықшасы бар пенополиуретаннан жасалған жылу оқшаулаушы бар үлгі бұйымдар мен құбырлар. Техникалық талаптар»;
- КСРО Мемлекеттік стандарт МЕМСТ 25151-82 (СТ СЭВ 2084-80) «Сумен жабдықтау. Терминдер мен анықтамалар»;
- МЕМСТ 21.610-85 (СТ СЭВ 5047-85) «Құрылыс үшін жобалау құжаттамасының жүйесі. Газбен жабдықтау. Сыртқы газ құбырлары. Жұмыс сызбалары»;
- ҚР СТ 1128-2002 «Полифир қара майларының негізінде шыны талшығымен арматураланған пластикті құбырлар. Жалпы техникалық талаптар»;
- ҚР СТ 1129-2002 «Полифир қара май негізінде шыны талшығымен арматураланған пластикті құбырлар. Қосу бөлшектері. Жалпы техникалық талаптары »;
- ҚР СТ ИСО 11922-1-2005 «Ақпалы орталарды тасымалдауға арналған термопластикалық метариалдан жасалған құбырлар. Мөлшерлері және қол жетімділіктері. 1 бөлім. Метрлік серия»;
- ҚР СТ ИСО 4427-2004 «Сумен жабдықтауға арналған полиэтилен құбырлар. Техникалық талаптар»;
- ҚР СТ ИСО 4437-2004 «Газ тәріздес отынды беруге арналған полиэтиленді жер асты құбырлары. Метрлік серия. Техникалық талаптар»;

- ҚР СТ ИСО 8772-2004 «Кәріздік және жер асты дренажды жүйелерге арналған полэтиленнен жасалған фитингтер мен құбырлар»;
- ҚР СТ ИСО 8770-2004 «Ғимараттың ішінде орналасқан (төмен және жоғары температура кезінде) қолданылған және ағынды суларды бұру жүйесіне арналған жоғары тығыздықты политиленнен жасалған фитингтер мен құбырлар»;
- ҚР СТ ИСО 13761-2005 «Пластмасс құбырлар мен фитингтер. 20°С астам температура кезінде қолданылатын политиленді құбырлы жүйелерге арналған қысымның төмендеу коэффициенттері»;
- ҚР СТ ИСО 12162-2005 «Тегеурінлі қосымшаларға арналған фитингтер мен құбырларды өндіруге арналған термопластикалық материалдар. Жіктелуі және белгіленуі. Жалпы пайдалану (есептік) коэффициенті»;
- ҚР СЕ 40-101-96 « «Рандом сополимер» полипропиленнен жасалған құбырларды жобалау және монтаждау»;
- ҚР СЕ 41-103-2000 «Құбырлар мен жабдықтарды жылу оқшаулау жобасы»;
- ҚР СЕ 4.02-101-2002 «Металл полимер құбырларын қолдана отырып жылыту жүйелерінің құбырларын жобалау және монтаждау»;
- ҚР ҚН 4.01-03-2011«Кәріз. Сыртқы желілер мен құрылыстар»;
- ҚР СН 4.01-22-2004 «Шыны пластиктен жасалған құбырларды жер асты және жер үстіне төсеу бойынша нұсқаулықтар»;
- ҚР СН 4.01-05-2002 «Пластмасс құбырлардан кәріз және сумен жабдықтау желілерін монтаждау және жобалау бойынша нұсқаулық»;
- ҚР СН 550-82 «Пластмасс құбырлардан технологиялық құбырларды жобалау бойынша нұсқаулық» (09.08.1988 ж. өзгертулер);
- ҚР СН 527-80 «10 МПа дейін Ру технологиялық болат құбырларды жобалау бойынша нұсқаулық» (09.08.1988 жылға қарағандағы өзгертулермен);
- Пластмасс құбырлардан технологиялық құбырларды жобалау бойынша құрал (СН 550-82);
- ВҚН 440-83 Пластмасс құбырлардан технологиялық құбырларды монтаждау бойынша нұсқаулық;
- ВҚН 004-88 «Машистралды құбырлардың құрылысы. Технологиясы және ұйымдастырылуы»;
- ВҚН 362-87 «10 МПа РУ-ға технологиялық құбырларды сынау, монтаждау және дайындау»;
- МҚН 4.02-02-2004 «Жылу желілері»;
- МҚН 4.02-03-2004 «Құбырлар мен жабдықтың жылу оқшаулауы»;
- МҚН 4.03-01-2003 «Газ үлестіргіш жүйелер»;
- ҚР ҚД 34.03.204-05 «Құралдар және аспаптармен жұмыс кезінде еңбекті қорғау мен қауіпсіздік ережелері»;

- ҚР ССТ 36-143-88 «Технологиялық құбырлар мен технологиялық жабдықтың монтажы. Жұмыстарды жүзеге асыру жобасы. Әзірлеу тәртібі, құрамы мен мазмұны»;

- ТШ 640 ҚР 38682338 ТОО-01-2000 «Полипропиленнен жасалған шығыршықты қиылыстың тегеурінді құбырлары».

### **3 Жалпы ережелер**

3.1 Металл емес құбырларды арынды магистральді, квартал ішілік немесе жалпы үй ішіндегі және пәтер ішіндегі инженерлік жүйелерді және жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, суды дұру және газбен қамтамасыз ету жабдықтарын монтаждау үшін қолданады.

3.2 Құбырлар мен олардың элементтерін әзірлеу үшін қолданылатын метариалдың сапасы мен қасиеті тиісті стандарттардың талаптарын қанағаттандыруы керек, бұл жабдықтаушы- зауыттар сертификаттарымен сүйемелденуі керек.

3.3 Металл емес құбырлар құрылымы қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуі керек және гидравликалық сынау кезінде одан ауа мен суды алып тастау үшін толық босату, тазарту, жуу, үрлеу, сыртқы және ішкі қарауы, бақылау және жөндеу мүмкіндігін қарастыру керек.

3.4 Металл емес құбырлардың құрылымы сыртқы және ішкі қарауларды, сынау немесе бақылауларды жүргізуге мүмкіндік бермеген жағдайда орындалуы ақауларды түзету мен уақытылы анықтауды қамтамасыз ететін бағалаудың, жүйелілік және бақылау көлемінің бар әдістемесін басшылыққа алуы керек.

3.5 Жылумен қамтамасыз ету жүйелерінің құбырларын техникалық пайдалану жылу тасушысының параметрлерін реттеу және жылытылатын жай іштерінде ауаның есептік температурасының ұсталуын қамтамасыз ету керек. Жылумен жабдықтаудың жүйелерін пайдалануға қойылатын негізгі техникалық талаптар келесі қолданылып жүрген нормативті-техникалық құжаттар ішінде келтірілген: МҚН 4.02-02-2004, СНжЕ 3.05.03-85, ҚР СТ 36-68-82.

Жылыту жүйелерінің құбырларын техникалық пайдалану жұмыстардың келесі түрлерін ішіне қосады: құбырлардың жұмыс істеуін бақылау және құбырлардағы ақаулықтарды жою.

3.6 Суық және ыстық сумен қамту жүйелерінің құбырларын техникалық пайдалану қажетті көлемде және қажетті тегеурінде, ас суына деген Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына жауап беретін сапада сумен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз етуі керек.

Сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануға қойылатын негізгі техникалық талаптар келесі қолданыстағы нормативті-техникалық құжаттар ішінде келтірілген: ҚР СЕ 4.01-102-2001, Қазақстан Республикасы Ауыл



шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 19 маусымдағы №360, ҚР СНЖЕ 4.01-02-2009, ҚР СНЖЕ 4.01-41-2006, СНЖЕ 3.05.04-85\*.

Суық және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің металл емес құбырларынан құбырларды техникалық пайдалану жұмыстардың келесі түрлерін қосады:

- металл емес құбырлардан құбырлардың жұмысын бақылау;
- жүйенің ұзақ мерзімділігін қамтамасыз ету;
- судың ағуы мен шығындарды болдырмау;
- жүйелердің қатып қалуын болдырмау;
- жұмыс істейтін жүйелермен жасалатын шумен күресу;
- ағымдағы/күрделі жөндеуді жүргізу ;
- жобалау және құрылыстық кемшіліктерді анықтау және оларды жою.

3.7 Суды бұру жүйелерінің құбырларын пайдалану өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық сулардың үздіксіз бұруын қамтамасыз етуі керек. Бұру қоқыспен бітелмеу керек, яғни құбырлардың қиылысы ағынның кедергісіз ағып кетуін қамтамасыз етуі керек.

Суды бұру жүйелерінің пайдалануына қойылатын негізгі техникалық талаптар қолданыстағы нормативті-техникалық құжаттарда келтірілген:

ҚР СНЖЕ 4.01-41-2006, ҚР СНЖЕ 3.05.04-85\*, ҚР ҚН 4.01-03-2011.

Металл емес құбырларды техникалық пайдалану жұмыстардың келесі түрлерін қосады:

- кәріздік құбырларға техникалық қызмет көрсету;
- кәріздік құбырларда апатты-қалпына келтіру жұмыстары;
- металл емес құбырлардан кәріздің жұмыс істеуін бақылау;
- бітелуді болдырмау, босату, тазарту, жуу;
- ағымдағы/күрделі жөндеуді жүргізу;
- жобалау және құрылыстық кемшіліктерді анықтау және оларды жою.

3.8 Төмен және орташа қысымның газбен жабдықтау жүйелерінің құбырларын пайдалану жану жеріне дейін (табиғи/сұйылтылған) назды тасымалдауды қамтамасыз етуі керек, сондай ақ оны қауіпсіз және анағұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету керек.

Газбен жабдықтау жүйелерінің металл емес құбырларын техникалық пайдалану жұмыстардың мына түрлерін қосады:

- газ құбырларына техникалық қызмет көрсету;
- құбырлардағы апатты-қалпына келтіру жұмыстары;
- металл емес құбырлардан газ құбырының жұмысын бақылау;
- газдың ағуы мен шығынды болдырмау;
- ағымдағы және күрделі жөндеуді жүргізу;
- жобалау және құрылыстық кемшіліктерді анықтау және оларды жою.

#### 4 Металл емес құбырлардың жіктелуі және қолданылу аясы, сортамент

4.1 Жылумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау, су бұру және газбен жабдықтау инженерлік желілерінің құбырларын әзірлеу үшін түрлі термоберіктілігі мен сенімді қасиеттерімен ерекшеленетін, қоспаланған және көмірсутекті болаттардан құбырларды қолданады.

4.2 Металл емес құбырларды дайындау үшін қолданылатын материалдар мен дайын бұйымдардың техникалық сипаттама мен сапасы тиісті паспорттар немесе сертификаттармен расталады. Паспорттар мен сертификаттары жоқ материалдар мен бұйымдар әрі қарай сапа сертификатын берумен мамандандырылған зертханалар шарттарында нормативті-техникалық құжаттама талаптарына техникалық сипаттамаларына және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативті-техникалық құжаттарға сәйкес келуіне алдын ала сынау және тексерусіз қолдануға жіберілмейді.

4.3 Металл емес құбырлар өндірісінің қазіргі заманға сай әдістері мен тәсілдері құбырлы өнімнің кең ассортиментін шығаруға мүмкіндік береді. Металл емес құбырлардың сортаменті бар нормативтік-техникалық құжаттармен регламенттелінеді (1 кесте).

**1 кесте – Металл емес құбырлардың сортаменті**

№	Нормативті-техникалық құжаттың атауы	
	2	3
1	МЕМСТ 286-82	Керамикалық кәріздік құбырлар. Техникалық талаптар.
2	МЕМСТ 8411-74	Керамикалық дренажды құбырлар. Техникалық талаптар. Асбестоцементті арынды құбырлар мен муфтылар.
3	МЕМСТ 31416-2009	Асбестоцементті арынды құбырлар мен муфтлар. Техникалық талаптар.
4	МЕМСТ Р 50838-95	Газ құбырларына арналған полиэтиленнен жасалған құбырлар. Техникалық талаптар.
5	ТШ 640 ҚР 38682338 ТОО-01-2000	Полипропиленнен жасалған арынды шығыршық қиылыс құбырлары.
6	МЕМСТ Р 52134-2003	Термопластан жасалған арынды құбырлар және жылыту мен сумен жабдықтау жүйелеріне арналған қосу бөлшектері. Жалпы техникалық талаптар.

1	2	3
7	ҚР СТ 1128-2002	Полиэфир майларының негізінде шыны талшығымен армирленген пластик құбырлары. Жалпы техникалық талаптар.
8	ҚР СТ 1129-2002	Полиэфир қара майларының негізінде шыны талшығымен армирленген пластик құбырлары. Қосу бөлшектері. Жалпы техникалық талаптар.
9	МЕМСТ 18599-2001	Полиэтиленнен жасалған арынды құбырлар. Техникалық талаптар.
10	ҚР СТ ИСО 11922-1-2005	Аққыш орталарда тасымалдау үшін термопластикалық материалдардан жасалған құбырлар. Өлшемдері мен рұқсат етілгені. 1 бөлім. Метрикалық серия.
11	МЕМСТ ИСО 4065-2005	Термопласттардан жасалған құбырлар. Әмбебап қабырға қалыңдықтарының кестесі.
12	ҚР СТ ИСО 4427-2004	Сумен жабдықтауға арналған полиэтилен құбырлары. Техникалық талаптар.
13	ҚР СТ ИСО 4437-2004	Газ тәріздес отынды беруге арналған жер асты полиэтилен құбырлары. Метрикалық серия. Техникалық талаптар.
14	МЕМСТ ИСО 161-1-2004	Сұйық және газ тәріздес орталарды тасымалдауға арналған термопласттардан жасалған құбырлар. Номиналды сыртқы диаметрлер мен номиналды қысымдар. Метриялық серия.
15	МЕМСТ 12586.1-83	Темір бетонды арынды дірілгидропрестелген құбырлар. Құрылымы мен өлшемі.
16	МЕМСТ 20054-82	Арынсыз бетон құбырлары. Техникалық талаптары.

4.4 Технологиялық құбырлардың материалдарын инженерлік жүйелерді материалдық рәсімдеу бойынша Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативті-техникалық құжаттарға сәйкес таңдаған жөн. Құбыр бөлшектерінің материалы, әдеттегідей, қосылатын құбырлардың материалдарына сәйкес келуі тиіс.

4.5 Метал емес құбырлардың түрі мен өлшемі тасымалдау ортаға байланысты және қолданыстағы сортиментке сәйкес қабылданады.

4.6 Тұрмыстық-коммуналдық шаруашылықта қолдануға ұсынылған метал емес құбырлардың сортаменті: керамикалық (қыш), асбестті-цементті, бетон мен темір-бетон, полиэтиленді және винипластты.

4.7 Қыш (керамикалық) құбырлар жоғары төзімділікке, термотөзімділікке, сонымен қатар жарылу мен майысуға жоғары төзімділікке ие. Қыштан (керамикадан) жасалған құбырлардың сыртқы диаметрі 15-тен 1000 мм-ге дейін, ұзындығы 1000 және 1500 мм. Құбырлар тегіс ұштармен және конустық кертпектермен жеткізілуі тиіс.

Канализация жүйелерінде ішкі диаметрі 125-600 мм, және  $l$  - 300, 500, 700 және 1000 мм қыш (керамикалық) құбырларды қолдануға ұсынылады.

Физикалық-механикалық қасиеттеріне және өлшемдердің жіберілетін ауытқуларға байланысты құбырлар және бөлшектер 1-ші сұрыпқа (олар  $4 \text{ кгс/см}^2$  аз емес гидравликалық қысымға төзуі тиіс) және 2-ші сұрыпқа ( $3 \text{ кгс/см}^2$  аз емес гидравликалық қысым) бөлінеді. Құбырлар және бөлшектер ішкі және сыртқы жағынан біркелкі және қалдыруларсыз жылтырауықпен жабылуы тиіс. Құбырлар және бөлшектер ұштарындағы конустық кертпектермен жеткізіледі.

4.8 Асбестті-цементті (әрі қарай - АЦ) құбырлар су бұрудың техникалық пен ауыз су, қысымды және арынсыз жүйелерін, кабелдерді салуға, коллекторларды, түтіндіктерді ұйымдастыруға арналған. АЦ құбырлары келесі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- жоғары коррозияға қарсы қабілеттер;
- өсіп кетуіне төзімділік;
- жоғары төзімділік және төмен жылу өткізгіштігі;
- ұзақ мерзімділік мен шағын гидравликалық кедергі;
- басқа материалдарға арналған ұқсас өніммен салыстыру бойынша арзандылығы.

Диаметрі 100 және 150 мм (құбырлар сортиментінде 500 мм диаметрге дейін мүмкін), ұзындығы 4 және 5 метр арынсыз құбырлар арынсыз канализация, түтіндіктер, кабелдерді және дренажды коллекторларды салу үшін қолданылады. АЦ құбырларын түтіндіктер үшін қолданған кезде асбестті-цементті  $500 - 600 \text{ }^\circ\text{C}$  дейін ысытқан кезде материал жарылыспен бұзылатынын ескеру қажет.

Диаметрі 100-ден 500 мм-ге дейін және ұзындығы 4 және 5 метр қысымды құбырлар тасымалданатын ортаның жұмыс қысымы 0,6, 0,9 және 1,2 МПа (6, 9 және 12  $\text{кг/см}^2$  тиісінше) болған кезде қолданады, сумен, газбен және жылумен қамтамасыздандыру жүйелерінде қолданылады.

4.9 Қолданылатын асбестті-цементті құбырлар келесі қабілеттерге сәйкес болуы тиіс (2 кесте).

4.10 Квартал ішіндегі және көшедегі арынсыз тордың суағарын орналастыру үшін диаметрі 300-ден 1000 мм-ге дейін бетон (темір-бетон) құбырлардың қолданылуы жіберіледі.

Нөсерлік канализацияны салған кезде арынсыз құбырлар үшін бетон (темір-бетон) құбырлардың: диаметрі 400 мм – суағар желілер үшін, 500 - 1600 мм – бойлық суағарлар мен коллекторлар үшін, 1600 мм-дан аса – су

бұру коллекторлар және өзендер мен бұлақтарды құбырға кіргізу үшін қолданылуы жіберіледі.

Бетонды (Б) арынсыз құбырлар тұрғын-коммуналдық шаруашылығына байланысты ұзындығы 1 м, 1,5 м және ішкі диаметрі 2 м, 300, 400, 500, 600, 800 және 1000 мм қосу тәсілін ескеретін, қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттаманың бес типіне сәйкес жасалады.

Темір-бетонды арынсыз құбырлар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына байланысты, ұзындығы 2,5-тен 5 м-ге дейін, ішкі диаметрі 400 (±4) мм, 500 (±4), 600 (±4), 800 (±5), 1000 (±5), 1200 (±5), 1400 (±5), 1600 (±5), 2000 (±6), 2400 (±6) мм қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттаманың сегіз типіне сәйкес жасалады (құбырдың типін қосу тәсілімен анықтайды).

## 2 кесте - Асбестті-цементті құбырлардың қабілеттері

Қабілеттері	Өлш.бірл.	Шартты өтуі, мм					
		100	150	200	300	400	500
Ұзындығы	мм	3950	3950	5000	5000	5000	5000
Сыртқы диаметр	мм	118	161	215	309	403	508
Ішкі диаметр	мм	100	141	189	277	365	456
Қабырғаның қалыңдығы	мм	9	10	13	16	19	26
Езуге жүктеу, аз емес	кгс	460	400	320	420	500	600
Майысуға жүктеу, аз емес	кгс	180	400	-	-	-	-
Гидравликалық қысымды сынау шамасы	МПа	0.4	0.4	0.4	0.4	0.4	0.4

Сонымен қатар бетонға және құбырлардың арматурасына қатысы бойынша агрессивті жер асты суларды тасымалдау үшін ерекше талаптар қойылады, агрессияның бұл түріне төзімді бетонды қолдану.

Темір-бетонды қысымды құбырлар есептік ішкі қысымның шамасына байланысты 3 класқа бөлінеді: I - 1,5 МПа, II - 1,0 МПа және III - 0,5 МПа қысымға. I кластың құбырлардың су өткізгіштігі 1,8 МПа ішкі гидравликалық қысыммен, II кластың құбырлардың 1,3 МПа III кластың құбырлардың (виброгибропрестеумен жасалатын құбырлар) 0,8 МПа және центрифугирлеумен жасалатын құбырлар) 0,7 МПа сыналады.

4.11 Жылумен қамтамасыздандырудың ішкі жүйелері үшін, тасымалданатын судың 75 °С дейін температурамен суық және ыстық сумен қамтамасыздандыру үшін қысымды пластиктен жасалған құбырларды қолданады. Пластиктен жасалған құбырларды ғимараттарды сумен қамтамасыздандырудың барлық жүйелері үшін (өртке қарсы сумен қамтамасыздандырудың бөлек желісінен басқа), шахталар мен арналардағы жасырын салу жағдайында (санитарлық-техникалық аспаптарға жеткізуден басқа) қолданға жөн.

Пластиктен жасалған құбырлар материалдың типіне байланысты келесілерге бөлінеді:

- полиэтиленді РЕ, П;
- полипропиленді РР, ПП;
- полибутиленді РВ, ПБ;
- поливинилхлоридті PVC, ПВХ;
- композитті (металл-полимерлі).

Төмен қысымның сақиналы қиманың және жоғары қысымның полиэтиленнің қысымды полиэтиленді құбырларды шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыздандыру үшін, сонымен қатар полиэтилен химиялық тұрақты болатын сұйық және газ тәрізді заттарды тасымалдау үшін қолдануға ұсынылады. Максималды жұмыс температура тұрақты 60 °С дейін және қысқа мерзімді 80 °С дейін. Аязға төзімділігі -60-70 °С.

Газ құбырлары үшін полиэтиленнен жасалған құбырлар өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық пайдалану үшін отынның шикізаты ретінде қолданылатын жанар газдарды тасымалдайтын жер асты газ құбырлары үшін ұсынылады.

Қысымды полипропиленді құбырлар ішкі ыстық, суық сумен қамтамасыздандыру, жылу үшін, сантехникалық кабиналар және ғимараттардың шаруашылық-фекалды канализациясы жүйелерінің үй ішіндегі тартқыштары үшін қолдануға ұсынылады.

Поливинилхлоридті қысымды құбырлар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында электр сымдарды ашық және жасырын салу кезіндегі механикалық зақымдардан қорғау үшін қолдануға ұсынылады.

Поливинилхлоридті канализациялық құбырлар ғимараттар ішіндегі шаруашылық-фекалды жүйелері үшін, ішкі суағарлар және суағарлардың тұрақты температурасы 60 °С дейін, қысқа мерзімді 95 °С дейін температура кезінде ішкі кварталдық канализациясы үшін қолдануға ұсынылады.

Пластиктен жасалған құбырлардың негізгі физикалық-механикалық қабілеттері +23 °С температура кезінде қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес келесі болуы тиіс (3 кесте).

**3 кесте - Пластикті құбырлардың қасиеттері**

№	Атауы	Өлшемі
1	Тығыздығы, г/см <sup>3</sup>	0,9
2	Балқу температурасы, °С	146
3	Желілік жылу кеңейткіштің орташа коэффициенті, мм/м°С	0,15
4	Созылу кезінде ағу шегі, кем емес, МПа	19,2
5	Үзілу кезіндегі салыстырмалы ұзару, %, кем емес	350
6	Жылу өткізгіштігі, Вт/м°С	0,23
7	Меншікті жылу, кДж/кг°С	1,73

## **5 Инженерлік жүйелердегі бейметалл құбырларды пайдалану**

Сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау инженерлік жүйелерін пайдалануға бейметалл құбырлардан жасалған құбырларды дайындау Металл құбырлардан жасалған құбырларға арналған ұқсса нұсқаулықтарда көрсетілген тәртіпте құбырларды шаюға, оқшаулауға және апатты ағытуға ұшыратады.

### **5.1 Полимер (пластмасса) құбырлардан өткізгіш құбырларды пайдалану, техникалық қызмет көрсету**

5.1.1 Полимер (пластмасса) құбырлардан құрастырылған өткізгіш құбырларды пайдалану құрастыру жұмыстарының сапасын бақылауды, сыртқы тексеру жүргізуді, құралнамалық және техникалық тексеруді қажет етеді. Бұнымен қоса келесі параметрлер бақыланады:

- жобаға құрастырылған кәріз жүйесінің сәйкестігі;
- құрастыру белгісіне дейін қонышты қосылыстарды жинауды қамтамасыз ету;
- бекіту элементтері мен оларда құбыр заттарын бекіту тәсілдерінің орналасу жерлерінің жобаға сәйкес келуі, құбырлардың сенімді бекітілуін қамтамасыз ету;
- қосылыстарда сынықтардың жоқтығы;
- көлденең құбырлардың еңістерінің шамасының жобалық талаптарға сәйкес келуі;
- тіреулердің нормативтік талаптардан асатын тіктіктен ауытқуларының жоқтығы;
- кәріз тіреулерінің ғимарат жабынынан жоғары шығару биіктігінің жобаға сәйкес келуі;
- бетінің сапасы, орнату дәлдігі, жиынтықтылық, санитарлық аспаптарды бекіту сенімділігі және оларда қоқыстардың жоқтығы;
- өткізгіш құбырлардың саңылаусыздығы .

Пластик құбырлардан жасалған өткізгіш құбырлардың иелері полипропиленнен су бұру жүйелері үшін өткізгіш құбырларды пайдалану ережесі бойынша әзірлеуші зауыттың техникалық талаптарымен таныстырылуы тиіс.

5.1.2 Пластикті құбырларды пайдалану процесінде құбырды сыртқы қарауға ерекше көңіл бөлу қажет.

Кез келген дәнекерлеу тәсілімен орындалған қосылыстар сыртқы тексеруге ұшырайды. Кәсіпорында өткізгіш құбырдың дәнекер қосылыстарының сыртқы түрін көректі салыстыру жүргізуге болатын қосылыстардың бақылау үлгілері болу ұсынылады.

5.1.3 Аралықта қыздырылған құралмен дәнекерлеумен орындалған дәнекерлеу қосылыстарының сыртқы түрі келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- дәнекерлеу жігінің білікшелері симметриялы болып, дәнекерленген құбырлардың шетімен біркелкі бөлінуі тиіс;

- білікшелердің түсі құбырмен бір түстес болуы және жарықтары, уақт тесіктері, басқа қосылыстары болмауы тиіс;

- жіктің симметриялылығы (граттың сыртқы білікшелерінің енінің граттың жалпы еніне қатынасы) жіктің кез келген нүктесінде 0,3 - 0,7 шектерде болуы тиіс. Қосылыс бөлшектермен құбырларды дәнекерлеу кезінде бұл қатынасты 0,2- 0,8 шектерге болуға жол беріледі;

- дәнекерленетін дайындамалардың сыртқы жиектерінің орын ауыстыруы құбырдың (бөлшектің) қабырғасының қалыңдығынан 10 %- дан аспауы тиіс;

- грат білікшелерінің арасындағы ойпат (грат білікшесінің сыртқы беттерінің балку сызығы) құбырлардың (бөлшектердің) сыртқы бетінен төмен болмауы тиіс;

- дәнекерленген құбырлардың және құбырдың немесе қосатын бөлшектің сыну бұрышы  $5^\circ$ - тан аспауы тиіс.

5.1.4 Жіктердің сыртқы гратының білікшелерінің мөлшерлері қабырғаның қалыңдығы мен дәнекерленетін (бөлшектердің) материалына байланысты.

5.1.5 Білікшелердің мөлшерлерін анықтау құрастыру жұмыстары өндірісі жағдайларында тікелей дәнекерлеу жігінде жүргізіледі. Граттың білікшелері арасында ойпаттың орналасуын анықтауды және құбырдың барлық параметрі бойынша сыртқы гратты кескеннен кейін білікшелердің өзін өлшеуді жүргізуге жол беріледі. Сыртқы гратты кесу құбыр денесіне зақымдар келтірмейтін және мүмкін ауытқулар шегінен тыс қабырғаның қалыңдығын шығармайтын арнайы құралдардың көмегімен жүргізілуі тиіс.

5.1.6 Ұзындығы 20 мм артық емес дәнекерлеу жігінің білікшелерінің жеке сыртқы зақымдануларын (кесіктер, жарықтар, жапсардың таңбалануынан басылғандық) және негізгі материалды қозғамайтын құбырларды ақау деп санамау қажет.

5.1.7 Салынбалы қыздырғыштарымен бөлшектердің көмегімен орындалған дәнекерлеу қосылыстарының сыртқы түрі келесі талаптарға жауап береді:

- қосатын бөлшектің шегінен тыс жерлердегі құбырлардың механикалық өңдеу (тазарту) іздері болуы тиіс;

- бөлшектерді дәнекерлеу индикаторлары жылжытылған күйде болуы тиіс;

- дәнекерленген құбырлардың немесе құбырдың және қосатын бөлшектің сыну бұрышы  $5^\circ$ - тан аспауы тиіс;

- бөлшектердің бетінің температуралық деформациядан немесе жанып кеткен полиэтиленнен іздері болмауы тиіс;

- периметрі бойынша бөлшектерде дәнекерлеу процесінде туындаған полиэтиленді балқыту іздері болмауы тиіс.



5.1.8 Пластик құбырларды және қосатын бөлшектерді қолданумен ғимараттарды суық және ыстық сумен жабдықтау және жылыту жүйелерін жөндеу бойынша жұмыстарды тиісті оқудан өткен және пластикті құбырлар мен қосатын бөлшектерді пайдалану ережесін меңгерген білікті персонал жүргізуі тиіс.

5.1.9 Жөндеу кезінде құбырлар мен қосатын бөлшектерді ауыстыру кезінде құбырдың диаметрін өзгертуге, қосатын бөлшектердің басқа тораптарын орнатуға, сондай-ақ құбыр жүйесінің пайдалану параметрлерін өзгертуге қабілетті басқа да кез келген әрекеттерді жасауға жол берілмейді. Барлық түбегейлі өзгерістер жобалық және пайдалану құжаттарының енгізілуі және белгіленген тәртіпте бекітілуі тиіс.

5.1.10 Оймалық қосылыстардағы ағуларды оймалық бөліктерде бұрау немесе нығыздатқышты толық ауыстыру арқылы жояды.

5.1.11 Жөндеу жұмыстары процесінде қосатын бөлшектің қысқыш бөлігіне қатысты құбырды бұруға жол берілмейді.

5.1.12 Құбыр учаскесі бұзылған немесе өткізгіш құбырдың бөлігін ауыстыру арқылы оймалық қосылыстағы ағуды жойған жағдайда зақымданған учаскені кесіп тастаған жөн. Кесілетін учаскенің ұзындығы жөндеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі шарттарына қарай, әрбір жағдайда жеке- жеке анықталады. Ауыстыруды әр түрлі қосылыс бөлшектерінің көмегімен жөнделетік өткізгіш құбырмен қосылған қажетті ұзындықты құбырдың кесігі бөлігімен жүргізеді.

Алдында қолданылған құбыр, егер ол қосатын бөлшектің шетінен кем дегенде 10 мм қашықтықта қосылыста пайдаланылмаса, жөндеу кезінде қолданылуы мүмкін.

5.1.13 Кәзір жүйелерінде пластик құбырларды пайдаланудың негізгі ерекшеліктері. Бір аралық қабатта кәзір тіреуіне қосылған санитарлық-техникалық аспаптардан гидравликалық ысырма кері кеткен кезде бұл қосылыс нүктесінің үстінде тікелей орналасқан бұл тіреудің бөлігін тазарту қажет. Әр түрлі қабаттарда тіреуге қосылған санитарлық-техникалық аспаптардың гидравликалық ысырмаларының кері кетуі кезінде ағыстық сұйықтықтың есептік шығынының өтуіне бұл тіреудің диаметрін тексеру қажет. Соңғы қабатта тіреуге қосылған санитарлық-техникалық аспаптарда гидравликалық ысырмалардың кері кетуі кезінде бұл тіреудің соратын бөлігінің күйін тексеру қажет: оның қимасы қар мен бөлек заттардан бос болуы тиіс.

5.1.14 Пайдалану үзілісі 25 тәуліктен асатын санитарлық-техникалық аспаптардың гидравликалық ысырмаларын толтыратын судың булануын болдырмау үшін бұл кезең ішінде бір рет оларды сумен толтыру қажет.

5.1.15 Ваннаны, жуғышты немесе қолжуғышты босату уақытын арттыру жуу немесе тазарту қажет бұратын өткізгіш құбырдағы қоқыстың пайда болуын көрсетеді. Толықтай толған ваннадан ағыстардың шығыны 1,1 л/с тең, толықтай толған жуғыштан (қолжуғыштан) - 1 л/с (сыйымдылығы

150-170 л вананны босату уақыты 150-170 с құрайды, жуғыш пен қолжуғыштың - 10-12 с). Егер унитаздың шаятын бағынан су бірінші оның тостағанын толтырса, сосын біртіндеп бұратын су құбырына ағатын болса, соңғысын дереу тазарту қажет.

5.1.16 Пластмасса құбырларды тазартуға тек кіші диаметрлі пластмасса құбырлармен немесе қатты резеңке шекқұбырлармен тазартуға жол беріледі.

5.1.17 Тіреуден бір бұратын құбырда өздігінен тазаратын режимді қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде бұл тіреудің негізінде құбырды автоматты шаюға арналған арнайы құрылғыны орнату ұсынылады.

5.1.18 Кәріз құбырларын пайдалану процесінде зақымданған құбырларды, келтек құбырларды және қалыпқа түсірілген бөліктерді ауыстыру, сондай-ақ қонышты қосылыстарда резеңке нығыздағыштарды ауыстыру қажеттілігі туындауы мүмкін. Бүлінген құбыр өнімдері сол тип мөлшерді жаңа бөлшектермен ауысады. Қалыпқа түсірілген бөліктерді ауыстырған кезде ұқсас түрлі жаңа өнімдерді орнату қамтамасыз етілуі тиіс. Жөндеу жұмыстарын жеңілдету үшін құрастыру құралы қолданылады.

5.1.19 Тіреулерді бөлшектеген кезде компенсациялық келтек құбырдың созыңқы қонышына келтек құбырдың тегіс ұшын кіргізу немесе компенсациялық келтек құбырды келтек құбырдың тегіс ұшына жылдыту мүмкіндігі қолданылады, бұл қонышты қосылыстарды бөлшектеуді жүргізуге мүмкіндік береді, осыдан кейін зақымданған бөлшекті жаңаға ауыстырады. Бұнымен алдында құрастырылған келтек құбырларымен немесе қалыпқа түсірілген бөліктерімен жаңа бөлшекті құрастыру құбыр өнімдерінің тегіс ұштарына жақпаны міндетті жағумен орындалады. Пайдаланымда болған бөлшектердің қоныштарының науаларында шығыршықтарды ауыстырады. Сосын қонышты қосылыстарды жинайды және бекітпе қамыттарды тартады.

5.1.20 Жуғыштан бекітпе құбырдың бөлшектерін ауыстырған кезде сифонның бұратын келтек құбырын ағыту қажет, содан кейін құбырдың бөлшектерін ажырату және бүлінген элементті ауыстыру мүмкін.

5.1.21 Ваннадан бұратын құбыр бөлігінде зақымданған келтек құбырды ауыстыру созыңқы келтек құбыры бар компенсациялық келтек құбырды және әдеттегі қонышы бар келтек құбырды қамтитын жинайтын жөндеу торабын қолданумен орындалады. Қол арасының көмегімен ақаулы келтек құбырдың учаскесін кеседі, содан кейін қалған екі бөлігін құрастырады. Келтек құбыр қонышында шығыршықты жаңасымен ауыстырады.

Алып тасталған бөлшектің орнына жинайтын жөндеу торабын бекітеді, бұнымен қоса келесі операцияларды орындайды: келтек құбырдың тегіс ұшын тіреуге дейін компенсациялық келтек құбырдың қонышына жылжытады; жөндеу торабын жөнделетін құбырмен осьтес орналастырады; келтек құбырдың қонышын бөлшектің тегіс ұшымен қосады, содан кейін компенсациялық келтек құбырдың тегіс ұшын бөлшектің қонышымен қоса отырып, оны кері бағытта жылжытады.

Осындай тәсілмен 110 мм дейінгі диаметрі бар бұратын кәріз құбыры құрастырылуы мүмкін.

5.1.22 Бүлінген құбырдың немесе келтек құбырдың бөлігін ауыстыру үшін 15° бұрышпен екі ұштарында алдын ала шешілген жүздерімен, қонышсыз келтек құбыр мен екі жылдымалы муфталардан тұратын құрастыратын жөндеу торабын пайдалану ұсынылады.

Құбырдан ақаулы бөлікті құбырдың осін кесу сызығының перпендикулярлығын қамтамасыз етіп, ағаш шаблонды қолданумен кеседі. Келтек құбырдың бүлінген бөліктерінің ұштарында 15° бұрышпен жүзді шешеді. Сосын құрастыратын жөндеу торабын екі қозғалғыш муфталарды келтек құбырға толықтай жылжытып, құрастыруға дайындайды, содан кейін муфталарды құбырдың келтек құбырының ұштарына жылжытып, жөндеу торабын құрастырады.

5.1.23 Учаскені жөндеу нұсқасы, бұл жағдайда құрастыратын жөндеу торабы қалыпқа түсірілген жаңа бөліктен, екі келтек құбырлардан және тегіс ұштарында жүздерінен және екі жылжымалы муфталардан тұрады.

5.1.24 Құбырлардың жекелеген элементтерін ауыстырған кезде қосымша бекітулерді орналастыруды келесідей жүргізеді:

- екі келтек құбырға бекітумен құбырдың учаскесін ауыстырған кезде олардың әрқайсысын бекіту қажет;
- екі келтек құбырға бекітусіз құбырдың учаскесін ауыстырған кезде олардың тек біреуін бекіту қажет;
- жөндейтін екі келтек құбыр муфталарды қолданған кезде оларды бекіту қажет.

5.1.25 Полипропиленнен жасалған заттарды жөндеу кезінде құрастырылғандардың орнына шойыннан, поливинилхлоридтен, полиэтиленнен және басқа материалдардан жасалған кәріз құбырлары мен қалыпқа түсірілген бөліктерді пайдалануға жол берілмейді.

5.1.26 Апатты жағдайларда болттармен немесе сыммен тартылатын бандажды кейіннен орнатумен резеңке лента түрінде манжеттің құбырын бүлінген бөлікке салуға болады. Алайда бұл жөндеу тәсілі апатты ағуды жоюдың уақытша шарасы болып табылады. Құбырдың ұзақ уақыттық жұмысқа білеттілігін қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімде бүлінген учаскені ауыстыру бойынша жөндеу жұмыстарын орындау қажет.

## **5.2 Полиэтилен тұрбаларынан газ құбырларының пайдаланылуы, техникалық қызмет көрсетуі**

5.2.1 Полиэтилен тұрбаларынан газ құбырларының техникалық қызмет көрсетуіне және пайдалануына келтірілген талаптар табиғи газды тасымалдау үшін жер астындағы газ құбырларының пайдалануларына таратылады және олардың жобалауы мен құрылысына Қазақстан Республикасының аумағында

қолданылатын нормативтік құжаттармен сәйкес орындалған көрсетілген газ құбырларының тек қана ерекшеліктерін ескереді.

5.2.2 Газ құбырларының техникалық қызмет көрсетуі бойынша негізгі шаралардың тізіміне барлық қысымдардың қайта енгізілген полиэтилен газ құбырларының трассаларының айналымы кіреді, бірінші үш күндер ағымында күнде, келесіде - 2009 жылдың 16 шілдесіндегі № 167 «Өнеркәсіптік қауіпсіздік аясында нормативті актілерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар бойынша Министрліктің бұйрығымен бекітілген қара металлургия кәсіпорындарының газды шаруашылығындағы өнеркәсіптік қауіпсіздіктің Талаптарымен сәйкес өндіру керек.

5.2.3 Барлық қысымдардың жер астындағы полиэтилен газ құбырлары оларды пайдалануға енгізуден кейін техникалық күйдің кезеңдік тексерісіне душар болуы керек.

Полиэтилен газ құбырларының тексерісі бойынша жұмыстардың құрамы және олардың өткізу мерзімдері құбырға техникалық төлқұжатта бекітілуі керек.

5.2.4 Жөндеу жұмыстарын құбырдың бүтіндігінің бұзушылығын табу жағдайларында жедел түрде өткізеді. Полиэтилен тұрбаларының және олардың тоғысқан жерлерінің бүтіндігінің бұзылуы кезінде жөндеу ақау бөлімшелердің кесіндісін және кемінде 500 мм ұзындықты полиэтилен тұрбаларының (катушкалар) кесінділерінің қорытылуын ескеруі керек.

Ойылған ақау бөлімшелерінің орнына полиэтилен тұрбаларының катушкаларының қорытуын түзу немесе қисық тоғысқан жерге өндіріп алу керек. «Полиэтилен - құрыш» ажырамайтын қосылуларын қолданумен катушкалардың қорытылуы рұқсат етіледі.

5.2.5 Газ құбырлары бөлімшелерінің жөндеуінің сапасы аспапты әдіспен немесе жұмыс қысымында сабын эмульсиясы көмегімен анықталынады

5.2.6 Полиэтилен тұрбаларының дәнекерлеуіне қатысты жөндеу жұмыстарын орындау барысында полиэтилен тұрбаларынан жер астындағы газ құбырларын жобалауға, құрылысына және пайдалануға қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптары сақталу тиіс.

5.2.7 Газ кемуінің дереу жойылуы үшін уақытша шара ретінде металлдық қамыт және жабысқақ синтетикалық лента немесе балшық жабыстырғыш тығыздауы бар, резеңке тығыздауы бар муфтілер қолдануға рұқсат етіледі. Газ кемуін жою бойынша жұмыстардың толық аяғына дейін бұл орындар күн сайынғы тексерулерге жатады, ал оларды топырақпен құю тек жұмыс орындалғаннан кейін жүргізіледі.

5.2.8 Газ құбырының іргелі жөндеуіне қажеттілік (полиэтилен тұрбаларының жарылуы және қабыршақтануы, дәнекерленген тоғыстардың үзілуі, полиэтилен газ құбырының бірнеше механикалық зақымданулары және т.б.) газ құбырының қанағаттанарлықсыз күйі табылу жағдайында

пайдалану процесінде бекітіледі. Полиэтилен газ құбырларының іргелі жөндеуінде ақаулы тоғыстар мен тұрбалардың бөлімшелерінің алмастырылуы жүргізіледі.

5.2.9 Газ құбырларының іргелі жөндеуі бойынша жұмыстар құбыр қабырғасының диаметрі, қалыңдығы, салынған тереңдігі мен тұрақты бағдарларға газ құбырының жарылу орындарының байлануы көрсетілетін газ құбырының төлқұжатында бейнеленеді.

Газ құбырының төлқұжатына тұрбалардың партиясының, сонымен бірге жөндеу үшін қолданылатын апаттық қорлардан тұрбаларының (қорытынды) сынақ актісі болуы керек. Сынаулар полиэтилен тұрбаларынан жер астындағы газ құбырларының жобалау және құрылысына қолданыстағы нормативтік құжаттармен сәйкес жүргізіледі.

5.2.10 Газдың тұрмыстық тұтынушыларының сандарының үлкеюі кезінде жұмыс істейтін газ құбырларына тармақтанулардың қосылулары жүргізіледі.

5.2.11 Қолданыстағы полиэтилен газ құбырларына жаңа тармақтанулардың (ойым) қосылуы ішкі өндірістік (технологиялық) нұсқаумен және өрттен қауіпсіздігінің талаптарымен сәйкес орындалады.

5.2.12 Газ құбырына құрыштан жасалған және полиэтилен тармақтануларының ойымы газ құбырына орнатылған құрыштан жасалған орнатулар арқылы немесе үш тармақ түйін арқылы жүргізіледі

5.2.13 Газ қысымының түсуісіз қолданыстағы газ құбырына ойым тек қана жұмыстарды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы құрал-сайманның қолдануы шартында рұқсат етіледі.

5.2.14 Дәнекерленген қосылулар қолданыстағы газ құбырына тармақтанулардың ойымынан кейін аспапты әдіспен немесе жұмыс қысымында сабын эмульсиясы көмегімен тексерілуі керек.

5.2.15 Газ құбырының бөлімшелерін ойымдардың өндірісінен кейін қуыстарды мұқият бітей отырып, жасаушы тұрбадан кемінде 20 см биіктікке құм құяды. Келесі төгінді әдеттегідей тәртіпте жүргізіледі.

5.2.16 Қазбалы аумақтар мен ерекше табиғи және климаттық шарттардағы аудандарда газбен жабдықтау жүйелерін пайдалану ерекше талаптар көрсетеді.

5.2.17 Жер астындағы газ құбырларының құрылысы үшін су газ өткізетін, сонымен бірге қайнайтын құрыштардан тұрбалардың қолданылуы рұқсат етілмейді.

5.2.18 Газ құбырына электр қозғағыштың немесе электр кабелдің бекіткіш конструкциясы тұрбаның қозғалғыштығы жағдайларында қосылулардың сенімділігін қамтамасыз етуі керек.

5.2.19 Пісіру жіктері тығыз болуы керек, кез-келген созылымдық және тереңдіктің дұрыс дәнекерленбеген жерлері рұқсат етілмейді.

5.2.20 Жақын дәнекерленген тоғыс жерінен ғимараттың іргесіне дейінгі қашықтық кемінде 2 м болуы керек.

5.2.21 Газ құбыры кемінде 200 мм жуандықты аздап қысылған топырақтан негізге жатқызылуы және кемінде 300 мм биіктігінде осы топырақпен себілуі керек.

5.2.22 Есептеумен анықталынатын, жер бетінің ерекше үлкен күтілетін деформациясы кезінде газ құбырларын жер бетіндегі немесе жердегі әдіспен салу керек.

5.2.23 Жобамен ескерілген компенсаторлар аумақтың жұмыс істеулерінің басталуына дейін орнатылуы тиіс.

5.2.24 Газ құбырларында құдықта орнатылатын резинокорд компенсаторлары жер бетінің деформациясының аяқталуынан кейін, егер қайта жұмыс істеу қарастырылмаса, түзу орнатулармен алмастырылуы, ал құдықтар (қуыстар) топырақпен себілуі керек.

Жер бетінің деформациясының аяқталуы мамандандырылған ұйымның қорытындысымен расталуы керек.

5.2.25 Газ құбырларында сөндіргіш жабдық ретінде гидробекітпенің қолданылуы рұқсат етілмейді.

5.2.26 Топырақтың орын ауыстырулары әсерінен газ құбырын қорғаудың конструктивтік шаралары ретінде топырақта газ құбырының қозғалғыштығының үлкеюі үшін ойықтардың қосылу орындарын өтпелі каналдарда орындау керек.

5.2.27 Қазбалы аумақтардың аудандарындағы газ құбырларын пайдаланатын газды шаруашылықтар қамтамасыз етуі тиіс:

- құрылыстың мерзімінде де, солай газ құбырларының іргелі жөндеулерін өткізуде де техникалық шаралардың орындалуына бақылау;
- газ құбырларына зиянды әсер көрсететін, өткізілетін және жоспарланатын тау өңдеулері туралы мәліметтерді зерттеу және талдау;
- тау жұмыс істеулерінің басында және жер бетінің қарқынды сырғуының процессінде газ құбырларының қауіпсіздігін және сенімділігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру-техникалық сұрақтарының шешімі;
- тау өңдеулерінің зиянды ықпалынан қолданыстағы газ құбырларын қорғау шараларын, сонымен қатар жер астындағы коммуникацияларға және тұрғын, өнеркәсіптік және коммуналдық объектілердің ғимараттарына газдың енуін ескерту бойынша тау кәсіпорындары және жобалық ұйымдармен бірлесіп өңдеу.

5.2.28 Жер астындағы газ құбырларын аралау жер беті сырғуының мерзімінде және газ құбырларында кесу жолымен кернеулерді алуыға дейін күнделікті жүргізілуі керек.

Қазбалы аумақтардағы ауыларалық және тарату газ құбырларының трассаларының бөлінуі кезінде тау кен орындарының ықпалының шекарасы биік белгілерге ие және трассаның пикетажына байлауы болатын тұрақты таңбалармен бекітілуі керек.

5.2.29 Ерекше табиғи және климаттық шарттарда газбен жабдықтау жүйелерін салуда ҚНЖЕ 2.04.08-87 талаптарына қосымша келесі шаралар қолданылуы керек:

- 7 баллдан артық сейсмикалылығы бар аудандардағы газды құдықтарды салу кезінде темірбетон құдықтардың негізі және кірпіш қабырғалармен құдықтардың темірбетон негізі 100 мм жуандықты құмды жастыққа жатқызылуы керек;

- иірімді топырақта салынған газды құдықтар құрама темірбетон немесе бүтін болуы керек, құдықтардың қабырғаларының сыртқы беттері тегіс, темірленіп сылалған болу тиіс.

Қамшылар мен қатқан топырақтар арасында ілінісуді кішірейту үшін шайырлы материалдардың жамылғысы жасау немесе қиыршақ таспен немесе құмды-қиыршақ топырақпен қойындының кері төгіндісін ұсынады. Барлық жағдайлардағы құдықтың аражабыны құмды-қиыршақ тас немесе басқа иірімді топырақпен себілуі керек;

- отыратын үлкен кеуекті жерлер құрылысында құдықтардың негізімен топырақ тығыз болуы керек.

5.2.30 Дәнекерлеу және ашық қыздыруды қолданумен пластиктен жасалған құбырларда жөндеу жұмыстарын орындау үзілді-кесілді рұқсат етілмейді.

### **5.3 Асбестті цемент құбырлардан жасалған құбырларды пайдалану және техникалық қызмет көрсету**

5.3.1 Асбестті цементтен жасалған құбырларды пайдалану құқықтарының қызмет көрсету ақауларын жоюды және техникалық қарап шығуды қамтуы тиіс.

5.3.2 Асбестті цемент құбырларда немесе муфтыларда құбырды құрастырғаннан кейін немесе беріктігі мен герметикалығын сынағаннан кейін пайда болатын ақауларды (көлденең немесе бойлық жарықшақтар, сынықтар және басқалар) байқаған жағдайда, ақауланған құбырды немесе муфтыларды ауыстыру қажет.

5.3.3 Қабықшаның қабырғасының қалыңдығы 20% -дан аспайтын тереңдіктегі жылу оқшаулауындағы полиэтилен қабықшаның механикалық ақауы кезінде ақауланған жерді ластан, шаңнан, майдан және басқалардан тазалап, оны одан әрі жылыту арқылы термошоғу лентасын ( герметикалық ішкі қабатымен) салу керек.

5.3.4 Құбырлардың жылу оқшаулағышының полиэтилен қабықшасының тесіп өтпейтін ақаулары кезінде (кетік, терең ықтималдық және т.б.) немесе тесілу кезінде ақауды 45° бұрышта ашып, ацетонмен майсыздандыру және экструзионды дәнекермен дәнекерлеу керек.

5.3.5 Ұзындығы 400 мм-ден аспайтын телімдегі құбырдың оқшаулағышының бір жердің шеңберінен аспайтын механикалық ақауы

кезінде, зақымданған жылу оқшаулағышын асбестті цемент құбырдан 400-420 мм телімнен алып тастап, жылу оқшаулағыштың кесінін құбырдың білігінен перпендикуляр түрде жабдықтау керек.

ОДК жүйесінің сымнан жасалған өткізгіш–индикаторлары болған жағдайда жылу оқшаулағыш қабатты алып тастауды аппаратураның тұтастығын зақымдамайтындай етіп жүргізу керек. Осыдан кейін зақымдалған телімнің гидро оқшаулағыш жамылғысын жасау керек.

Ұзындығы 420 мм ( 3 метрге дейін) телімдегі құбырлардың жылу оқшаулағышы зақымданған кезде, асбестті цемент құбырға кигізу алдында жасалуы бойынша бойлай кесілген, құбырдың диаметріндей полиэтилен қабықшасын пайдалану керек.

5.3.6 Жалғастырғын құраманың бітеулігі бұзылған кезде құбырлардағы белгілер бойынша жалғастырғышты орнатудың дәлдігін тексеру қажет. Жалғастырғыш жағдайы дұрыс болмаған кездегі құраманың бітеулігіне жалғастырғышты қозғау арқылы қол жеткізіледі. Егер жалғастырғыштың жағдайы дұрыс болса, онда жалғастырғышты бөлшектеп, бітеулігінің ақауының себебін тауып, оны жою керек.

5.3.7 Ақаулы жылу оқшаулағышты асбестті цемент құбырды ауыстыру үшін жапсарлардың жылу оқшаулағышын шешіп алып, жалғастырғышты көрші құбырларға жылжыту керек. Құбырды салғаннан кейін оның кесіндісіне көршілес құбырлардың жалғастырғышын жылжытып және жапсарлардың жылу оқшаулағышын қайтадан жасау керек.

